

Таким образом, выпускник вуза должен быть готов в полной мере к профессиональной педагогической деятельности с «проблемными детьми». Он должен обладать системой знаний о учащемся как субъекте образовательного процесса, его возрастных и индивидуальных особенностях, социальных факторах развития; иметь представление об анатомо-физиологических особенностях детей и подростков, о развитии их организма, о функциональных нарушениях и их коррекции в разные периоды детства; владеть информацией о профилактике и коррекции привычек, наносящих ущерб здоровью, о защите от неблагоприятных влияний социальной среды и т.д. Каждый учитель должен уметь оказывать социальную помощь и поддержку учащимся, быть готовым к организации образовательного процесса в различных социокультурных условиях, т.е. должен быть готов не только к профессионально-педагогической деятельности с обычными школьниками, но и к коррекционно-педагогической работе с детьми с отклонениями в развитии и поведении.

Список использованной литературы:

1. Концепция высшего педагогического образования Республики Казахстан //Казахстанская правда от 18.08.2005.
2. Гонеев А.Д. и др. Основы коррекционной педагогики: Учебное пособие для студентов высших педагогических учебных заведений. – М.: Издательский центр Академия, 2002. – 272 с.

«МАТЕМАТИКА» МАМАНДЫҒЫ СТУДЕНТТЕРІ ҮШІН АРНАЛҒАН «ЕСЕП ШЕШУ ПРАКТИКУМЫ» ОҚУЛЫҒЫ

Абдрахман Сапарович САРСЕКЕЕВ

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушысы

Есеп шешу практикумы курсының мақсаты - элементар математика облысындағы дайындық, орта мектеп математика курсы бойынша есептерді шешу дағдысын жетілдіру.

Есеп шешу практикумының мазмұны мыналарды қамтиды:

- 1) Құрамындағы фундаментальды математикалық идеялар тұрғысынан математиканың мектептік курсының негізгі түсініктерін талдау;
- 2) Әр түрлі қолданбалық бағыттағы есептер мен қатар, басқа да есептерді шешуде қолданылатын элементар математиканың әдіс-тәсілдерін ғылыми негіздеу;
- 3) Элементар математиканың қазіргі дамуы бағыттарымен танысу.

«Есеп шешу практикумы» студенттердің элементар математика сұрақтарына қызығушылығын оятуы және нақты процестердің математикалық модельдерімен жұмыс жасаудың мазмұнды негізін оқушылардың санасында қалыптастыруы тиіс.

«Есеп шешу практикумы» курсын оқу нәтижесінде студент келесідей білік пен дағдыларды меңгеруі тиіс:

- 1) Сандық жиындарды білу, рационал сандарды әр түрлі санау жүйелерінде жаза білу, «сандық тауелділіктерге» есептерді шығара білу;
- 2) Алгебралық теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу әдістерін білу, оларды қолдана білу;
- 3) Трансцендентті теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу әдістерін білу;
- 4) Параметрлі есептерді шешу білу;
- 5) Функционалдық тауелділіктердің түрлерін, олардың графиктік кескінін, практикалық есептерді шешуде қолдануды білу;
- 6) Геометриялық салу есептерін шешудің негізгі әдістерін, оларды қолдана білу;
- 7) Көпжақтардағы қималарды салудың тәсілдерін білу;
- 8) Негізгі геометриялық денелердің көлемдерін есептей білу.

«Есептерді шешу практикумының» барлық бөлімдерін мазмұндау математиканың мектептік курсына жақындатылған өте көп мөлшердегі есептерді шешумен сүйемелденуі тиісті.

Математикалық білімді болашақ маманның фундаментальды дайындығының негізгі құраушысы ретінде қарастыру керек. Бұған негіз - математиканың тек қана қолданбалық есептерді шешудің құралы және ғылымның универсалды тілі ғана болып қоймай, жалпы мәдениеттің элементі болып табылуы. Көптеген студенттер үшін математиканың мектептік бағдарламасы бойынша білімдеріндегі олқылықтарын жоюшы курстың қажеттілігі құпия емес. Студенттердің элементар математика облысындағы дайындықтары қаншалықты жетік

болуына байланысты олардың келешектегі кәсіби еңбектеріндегі жетістіктер анықталады.

Мектептік математикалық есептерді шешудің жоғарғы оқу орындық курсына енгізу студентке мектептік математика курсының қажетті және жеткілікті көлемін беруді көздейді.

Математикалық есептерді шешу практикумы математикалық және әдістемелік пәндер циклдері арасындағы «көпір» болып табылады. Сондықтан болашақ математика мұғалімдерінің кәсіби - педагогикалық дайындықтарын сәйкесінше бағыттауда аталмыш пәннің орны ерекше. Кәсіби дайындық мамандықты меңгеру облысындағы қандай да бір белгілермен сипатталады. Осындай белгілерге сай оқу есептері тақырыптары мазмұнында келесі бағыттар белгіленген:

- есептерді шешуде алгоритмдер мен тіреу белгілерін қолдану;
- студенттердің өздігінше есеп құрауы;
- планиметриялық есептерді шығаруда қателіктердің алдын алу;
- геометриялық есептерді шешуде әртүрлі әдістерді қолдану, соның ішінде алгебралық тәсілдерді қарастыру, векторлық, координаттық әдіс, кері жору әдістерін қолдану.

Есептердің әдістемелік функцияларын іске асыру үшін қажет негізгі шарттарды бөлуге болады. Олар:

- есептерді шешу процесінің этаптарын бөліп көрсетуге студенттерді жүйелі түрде үйрету;
- бір есептің әр түрлі шешімдерін әдістемелік тұрғыдан талдап қарастыру;
- есепке және оның әдістемелік құндылығына байланысты мұғалімнің түсініктемесі;
- тараудағы есептер жүйесіне мұғалімнің әдістемелік түсініктемесі.

Есеп шешу практикумының тағы бір маңызды құраушысы ол - қазіргі мектеп математикасы мәселелерінің бірі болып табылатын Ұлттық бірыңғай тестілеудің математикалық мазмұнын құрайтын есептер циклі. Бұл есептерді бірнеше ішкі тақырыптарға бөлуге болады. «Математикалық есеп шешу практикумында» келесі тараулар белгіленген:

- 1) Сандық жүйелер
- 2) Теңдеулер мен теңсіздіктер және олардың жүйелері
- 3) Прогрессия
- 4) Мәтінді есептер

- 5) Көрсеткіштік және логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер
- 6) Тригонометрия
- 7) Планиметрия
- 8) Стереометрия
- 9) Функцияларды зерттеу

Оқу құралының ерекшелігі - жеке тақырыптарды оқытуда ерекше көңіл бөлінуі тиіс деген материалдардың терілуі. Солардың ішінде «сандық жиындар арасындағы қатынастар», «периодты бөлшектер», «бөлшектердің теңдігі белгісі», «иррационал өрнектерді түрлендіру», «өрнектің анықталуы облысы», «иррационал теңдеулер мен теңсіздіктер», «интервалдар әдісі», «модульді өрнектер», «мәтінді есептердің» әр типінің шешуіне байланысты әдістемелік нұсқаулар, «келтіру формулары», «кері тригонометриялық функциялар», «тригонометриялық теңсіздіктер», «координаттық – векторлық әдіс негіздері», «үшбұрыш», «төртбұрыш», «шенбер», «аудан», «екі жақты бұрыш», «көпжақтар классификациясы», «айналу денелері», «функцияны зерттеу этаптары», «жанама», «интеграл».

Жоғарыда аталған тақырыптар бойынша негізгі ұғымдар анықтамалары, негізгі қасиеттері, тақырып мазмұнын ашу мүмкіндігін беретін кілттік есептер, өздік жұмысы үшін бекіту есептері циклдері оқу құралында әдістемелік нұсқаулар және түсініктемелермен сүйемелделінген. Оқулық «Дарын» Республиканың ғылыми-практикалық орталығында 2009 жылы баспадан (2-ші басылым) шыққан «Тестік есептеулер» атты әдістемелік оқу-құралы негізінде жазылды.

ФОРМИРОВАНИЕ ТВОРЧЕСКОЙ ЛИЧНОСТИ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ

Светлана Борисовна СКАЧКОВА

доцент Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева

При ускоренных темпах роста реконструкции сложившихся городов и строительства новой столицы, грандиозных масштабах жилищного и культурно-бытового строительства со всей